Әкімдіктің
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 486 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 486 «Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес қайта ұйымдастырылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынға қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Қостанай облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган «Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Басқару органы) Кәсіпорынды басқару жөніндегі бірқатар функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік береді.

6. Кәсіпорынның атауы: Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, О. Шипин көшесі, 153/3-үй.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні психиатриялық және наркологиялық аурулармен ауыратын ауруларға мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтаудағы конституциялық құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету және оларды сақтаудағы кепілдіктерді қамтамасыз ету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің аясында, соның ішінде сот кесімі бойынша бекітілген тұрғындарға амбулаторлық-емханалық, стационарлық, және стационарды алмастыру нысанында кезек күттірмейтін (психиатриялық), бастапқы медициналық-манитариялық, мамандандырылған (наркологиялық, психиатриялық) көмек көрсету;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін мынадай медициналық қызмет көрсету:

- маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған адамдарды емдеу және диагностикалау;
- азаматтардың өздерінің жүгінуі бойынша медициналық куәландыру;
- жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап тексеруден өткізу;
- көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап тексеруден өткізу;

3) сараптамалық медициналық қызмет;

4) кәсіпорын қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін фармацевтикалық қызмет;

5) диагностика, зертханалық диагностика;

6) әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу;

7) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу (психиатриялық);

8) психологиялық және наркологиялық аурулардың алдын алуға, салауатты өмір сүруді насихаттауға бағытталған қызметтерді жүзеге асыру, психикалық денсаулық мәселелері бойынша халықтың ақпараттандырылуын арттыру бойынша ақпараттық-насихаттау сипатындағы іс-шараларды іске асыру;

9) медициналық және әлеуметтік оңалту және психикалық және мінез-құлықтық бұзылулардан зардап шегуші адамдарға еңбек терапиясы мен қайта әлеуметтендіру үшін жағдай жасау;

10) психикасының және мінез-құлқының бұзылулары бар адамдардың әлеуметтік стигматизациясы мен дискриминациясын төмендету бойынша іс-шараларды іске асыру;

11) психикасының және мінез-құлқының бұзылулары бар адамдардың қоғамдық қауіпті әрекеттерін төмендету бойынша іс-шараларды іске асыру;

12) психикалық денсаулық мәселесі бойынша психиатриялық ұйымдардың өзге де ұйымдармен және мемлекеттік органдармен тығыз өзара іс-қимылды және сабақтастықты қамтамасыз ету;

13) есеп және басқа құжаттардың мәліметтері бойынша сырқаттанушылық пен ауырсынуын, көрсетілетін психиатриялық медициналық-әлеуметтік көмектің тиімділігін талдау.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауды жүзеге асыруға тыйым салынады.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Басқару органының, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін заңды түрде алып қою туралы шешімді қабылдайды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа өкілдіктерді жүзеге асырады.

19. Басқару органы:

1) Кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды, Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

4) жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын), бас бухгалтерін жыл сайын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

7) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

8) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

9) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді қолдануын қамтамасыз етеді;

10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіпорындағы байқау кеңесі туралы ережені, байқау кеңесін шақыру мен отырыстар өткізу тәртібін бекітеді, байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді конкурстық іріктеуді жүргізеді, оның құрамын қалыптастырады және бекітеді;

11) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген басқа өкілдіктерді жүзеге асырады.

20. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-бөлімінде көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Басшы дара басшылыққа ғидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын, бас бухгалтерді қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Басқару органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

27. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Басқару органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен Кәсіпорынның қосымша көздерден алынған қаражатты бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Басқару органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Басқару органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) Басқару органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

28. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

29. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Басқару органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

30. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

31. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

32. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

33. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның балансында көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

34. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

35. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

36. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

37. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтық табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

39. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекіткен сәтінде туындайды.

40. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

41. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 42-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

42. Осы Жарғының 41-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығыКәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

43. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

44. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органының жазбаша келісімімен Басқару органының ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) дебиторлық берешекке билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

45. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

46. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (жергілікті атқарушы орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 44 және 45-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

Кәсіпорынның кассасына қабылданған қолма-қол ақша олар қабылданған күннен бастап толық көлемде үш жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті банктік шоттарға аударылуы тиіс. Кәсіпорын кассасынан кез келген негіздер бойынша қолма-қол ақшалай қаражатты беруге болмайды. Кәсіпорынның банктік шоттарына түскен ақшалай қаражат тек қана қолма-қол ақшасыз төлемақы арқылы жұмсалады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

47. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

48. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін облыстық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

49. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

50. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорын белгілейді.

51. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

52. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 182 817 289 (жүз сексен екі миллион сегіз жүз он жеті мың екі жүз сексен тоғыз) тенгені құрайды.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

53. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

54. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

55. Байқау кеңесі бар Кәсіпорын жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге міндетті.

56. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынның аудиті байқау кеңесінің, Кәсіпорын басшысының, Басқару органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

57. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

58. Мемлекет, жергілікті атқарушы органның іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайды қоспаған, Кәсіпорын міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет Кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

59. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

60. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

61. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Басқару органы белгілейді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

62. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

63. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

64. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

65. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Басқару органы қамтамасыз етеді.

66. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, облыстық бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

67. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қостанай облысы әкімдігінің қаулысымен енгізіледі.

Басшы Михайленко ВА _____

Т.А.Ә. қолы